

**Ю.А.гагарин атындағы мектеп-лицейінің  
инклюзивті білім беру бойынша  
2023-2024 оқу жылының есебі**

Шет ауданы білім бөлімінің 01.09.2023 жылы келген № 152 бүйрық негізінде мектебімізде 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім алғатын оқушыларға арналған 27 инклюзивті сынып ашылды. Бұл сыныптағы оқушылар саны **45**. Оның ішінде – **9** оқушы жеке үйде оқиды. Қараша айында денсаулығына байланысты тағы 1 оқушы уақытша үй жағдайына ауысты.

Оқушылар арнайы, жалпы, бейімделген бағдарламалар бойынша оқытылады. Жылдық жоспар құрылыш, жұмыстар жүргізілуде. Жүргізілген жоспарға сәйкес барлық оқушылардан арнайы мамандар зерттеу хаттамаларын алды.

Қазан айында мектепішілік консилиумда ата-аналардың өтінішімен нәтиже көрсеткен 3 бала инклюзивті білім беруден шыгарылды.

Оқу жылының басында ЕББҚ бар арнайы оқыту бағдарламасымен оқытылатын оқушылардың ата-аналарына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.В.Мельник оқыту бағдарламасы және негізгі орта мектептің бітіретін (5 оқушы) оқушылардың аттестаттары жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізді.



Қазан айында Шет ауданы білім бөлімінің ұсынысы бойынша зум платформасы арқылы іс-тәжірибе алмасу өтті. Бағдарламаны құру, бейімделген оқыту бағдарламасы жөнінде, үйде оқытуды ұйымдастыру, «Білімал» платформасы жөнінде Д.В.Мельник, Б.Б.Бекишева, С.К.Махмутова, Б.Мырзаханова, А.Е.Мұқыш магниттік мектептермен өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.




Қазан айының екінші жекенебісінде ЕББҚ бар оқушылардың шыгармашылықтарын дамытып, қолөнер бұйымдарына деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқушылар арасында қолөнер бұйымдарынан шағын көрме ұйымдастырылды. Ата-аналар мен тығыз байланысты орнату мақсатында «**Күзгі бақ**» атты қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.



27 қазанда жоспарға сәйкес емдік дene шынықтыру пәнінің мұғалімдері Р.Қосыбаев пен А.Есжанов «**Біз мықтымыз**» атты спорттық жарыс өткізіл



Қараша айында біртұтас тәрбие бағытында «**Жақсылық жасап жарысайық**» атты қайырымдылық акциясы үйымдастырылып, бірқатар отбасыларға азық-түлік, киім-кешектермен комек көрсетілді. Қайырымдылыққа ат салысқан ұстаздарға алғыс білдіреміз.



Сонымен қатар, «Ізденис», «Орталық Қазақстан», «Арқа ақшамы» баспасөз беттеріне мақалалар жарияланды.

Психология апталығында «**Бала өмірі – басты құндылық**» тақырыбында жауапты мамандар Омарова С.А. мен Айнабекова Б.Т. аналармен тренинг өткізді.




Қараша айыны соңында Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырган «Үздік жыл психологы - 2023» облыстық байқауына ИББ бойынша үйлестіруші Б.Бекишева қатысып, «Мәртебелі психолог» номинациясын жеңіп алды.




«Дарын Республикалық» білім беру орталығының Республикалық «АҚБОТА» онлайн интеллектуалды-логикалық олимпиадасына мұғалім-логопед С.Омарова 15 окушы қатыстырып, окушылар жүлделі орындарга ие болды.

Аудандық «Ең үздік оқу бөлмесі – 2023» байқауына қатысып, «Үздік инклузивті білім беру кабинеті» номинациясына және I орынға ие болды.



Жыл соңында жылдағы дәстүр бойынша «Жаңа жылдық тосын сый» акциясымен үйде оқытылатын 9 окушының үйін аралап, тәттілер мен сыйлықтар табысталды. Окушылардың бақытты жүздерін көріп, риза болып қайттық. Осы орайда көмек қолын созған ұстаздарымызға, жас мамандарымызға зор алғысымызды білдіреміз.



Ақпан айының 1 ші жүлдызында салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушының денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, топтық сайысқа, жылдамдыққа баулу мақсатында ДосболLike науқаны аясында инклузивті білім беру бойынша ЕББҚ бар окушылар мен ата-аналар арасында «Қыс қызығы» атты спорттық ойын сайысы өтті. Женіске жеткен I, II, III орынға ие болған окушылар марапатталып, тәтті сыйлықтар табысталды.



8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Мың алғыс анаға» атты ЕББҚ окушылардың аналарына арнаган мерекелік концерті өтті. Окушылар ән айтып, би билеп, өз тартуларын ұсынды. Аналары ризашылықтарын білдіріп, ППҚ мамандарына алғыстарын білдірді.



Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының үйімдастыруымен өткен Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа оку «Абай дана-Абай дара қазакта!» атты окушылар арасында өткен байқауға 20 окушы қатысып I дәрежелі дипломдармен марапатталды. Даындаған мамандарға құрмет грамоталары берілді.



Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының үйімдастыруымен өткен «Мағжан оқулары» атты байқауына мәнерлеп оку номинациясы бойынша 3 окушы қатысып, I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Аудандық «Экология және Жердің болашағы» байқауына эссе жазу, сурет салу, қалдық заттардан қолөнер жасау бойынша 18 окушы қатысып, I орын 2 окушы, II орын 6 окушы, III орын 3 окушы, сертификатпен 7 окушы марапатталды.

«Жұлдызай» республикалық балалар шығармашылық фестивалінің аудандық кезеңіне 6 окушы қатысып, II орын 4 окушы, III орын 1 окушы, сертификатпен 1 окушы марапатталды. Облыстық кезеңінен 1 окушы I орын, 2 окушы сертификатпен марапатталды.

«Сарыарқа дарыны» аймақтық – практикалық орталығы «Шексіз өмір» республикалық фестивалінің облыстық кезеңі «Сәндік – қолданбалы шығармашылық» номинациясы бойынша 1 окушы III дәрежелі диплом алды.



Сәуір айының 17 жүлдезында балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикалық есебінде ерекше білімді қажет ететін қолайсыз ететін қолайсız отбасылардан шықкан негізгі орта білім алушы 8-9 сынып окушыларына әлеуметтік педагог пен психолог біріккен шеберлік сынып сағатын өткізді. Окушыларға суицидтің алдын алу негіздері құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жауапты мамандар: Сағынаева Д.М., Омарова С.А., Айнабекова Б.Т.



Айдың сонында «Өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алудың кешенді іс-шаралары» тақырыбында аудандық семинар өтті. «Өмір сен ғажапсың» тақырыбында арнайы мамандар Омарова С.А., Айнабекова Б.Т., Болатова А.Қ. шеберлік сабағын өткізіп, аудан басшысының сертификатымен марапатталды.



Мамыр айының 13-14 күндері жоспар бойнша Балхаш қаласынан облыстық ПМПК мамандары келіп, отырыс өткізілді. Жалпы 35 бала қаралды. Мектебімізден 24 окушы, балабақшадан 10 бала, үйден өз еркімен 2 бала өтіп, оның біреуі жеке үйде оқытуға жолданды. 4 окушы нәтижемен тізімнен шығарылды. Жалпы ПМПК қорытындысымен жаңадан 15 окушы қосылды. Жалпы ЕББҚ ететін 57 окушы болды. 2024-2025 оку жылына оку бағдарламалары анықталып, қорытындыларын берді. Биылғы оку жылында негізгі орта білімді 5 окушы аяқтағалы отыр. Оның ішінде 2 окушы жеке үйден оқытылады.



Алдағы оку жылында жоспарға сәйкес бірқатар іс-шаралар өткізіледі деп жоспарлануда. Қорыта келгенде биылғы оку жылында ерекше білім беруді қажет ететін окушылар саны көбеюде. Келесі оку жылында нәтиже көрсететін окушылар саны да артады деген сенімдеміз.

ИББ бойынша үйлестіруші:

Б.Б.Бекишева